

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 12-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2015 жылғы 17 ақпандағы
№ 12-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2014 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің 28.08.2015 № 73-ө өкімімен.

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Мұнай өнімдерін өндірушілердің өндірістік объектілерінің, мұнай өнімдері базаларының және жанармай құю станцияларының (жылжымалы үлгідегі жанармай құю станцияларынан басқа) резервуарларын есепке алатын	Қазақстан Республикасы		

	бақылау аспаптарымен жарактандыру жөніндегі қағидалар мен талаптарды бекіту туралы	Үкіметінің қаулысы	Қаржымині ЭМ ИДМ ЭМ	2015 жылғы наурыз
2.	Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері көлік құралдарына салық төлеуші болып табылмайтын мамандандырылған ауыл шаруашылығы техникаларының тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ ҰЭМ Қаржымині	2015 жылғы наурыз
3.	Салық салынатын табысына Салық кодексінің 147-бабының 2-тармағында белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынатын, жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібін қолданатын ауыл шаруашылығы өнімдерін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар, сондай-ақ шаруа немесе фермер қожалығының басшысы және (немесе) мүшелері көлік құралдарына салық төлеуші болып табылмайтын ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жеңіл және жүк көлік құралдарына қажеттілік нормативтерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ ҰЭМ Қаржымині	2015 жылғы наурыз
4.	Қызметі жалпыға бірдей пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерлерде орналасқан салық төлеушілерді қоспағанда, дара кәсіпкерлер және (немесе) заңды тұлғалар жеке кәсіпкерлер мен (немесе) заңды тұлғалар оларды Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырғанда деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын қолдануды қамтамасыз етуге міндетті болатын жекелеген қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2015 жылғы желтоқсан
5.	"Импортты қосылған құн салығынан босатылатын кез келген нысандағы дәрілік заттардың, оның ішінде дәрілік-субстанциялардың; протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдардың, кез келген нысандағы дәрілік заттарды, оның ішінде дәрілік субстанцияларды, протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдарды шығаруға арналған материалдардың, жабдықтар мен жинақтаушылардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 56 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ДСӘДМ АШМ ҰЭМ Қаржымині	2015 жылғы наурыз
6.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 21 маусымдағы № 683 және "Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есебіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ДСӘДМ Қаржымині	2015 жылғы наурыз
	"Сату жөніндегі айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын кез келген нысандағы дәрілік заттардың, оның			

7.	ішінде дәрілік субстанциялардың, сондай-ақ оларды шығаруға арналған материалдар мен жинақтаушылардың; протездік-ортопедиялық бұйымдарды, сурдотифлотехниканы және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдардың; кез келген нысандағы дәрілік заттарды, оның ішінде дәрілік субстанцияларды, протездік-ортопедиялық бұйымдарды және медициналық (ветеринариялық) техниканы қоса алғанда, медициналық (ветеринариялық) мақсаттағы бұйымдарды шығаруға арналған материалдар мен жинақтаушылардың тізбесін және сату жөніндегі айналымдары қосылған құн салығынан босатылатын косметологиялық, санаторийлік-курорттық қызметтерді қоспағанда, медициналық (ветеринариялық) қызметтердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 ақпандағы № 133 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ДСӘДМ Ұ Э М Қаржымині АШМ	2015 жылғы наурыз
8.	Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы табыс етілетін салықтық өтініштер тізбесін бекіту туралы	бірлескен бұйрық	Қаржымині ИДМ	2015 жылғы наурыз
9.	Қазақстан Республикасының аумағында жалпыға ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ әкімшілік-аумақтық бірліктері туралы ақпаратты уәкілетті органның сайтына орналастыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині ИДМ	2015 жылғы наурыз
10.	2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің жеке есепшоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2015 жылғы наурыз
11.	"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар берген мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарының пайдалану қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині ҰБ (келісім ойынша)	2015 жылғы наурыз
12.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар, зейнетақымен қамсыздандыру және (немесе) міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнаманы бұзғаны үшін 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін салынған және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген айыппұлдар сомасын есептен шығару қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2015 жылғы наурыз
13.	Корпоративтік табыс салығын есептеу мақсатында сыйақы салық салынатын кірісті азайтатын қаржы лизингінің шарты бойынша лизинг нысанасы болып табылатын технологиялық жабдықтың тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ ҰЭМ Қаржымині	2015 жылғы қазан
		Қазақстан Республикасы		

14	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына трансферттер беру қағидаларын бекіту туралы	Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині ҰЭМ	2015 жылғы наурыз
15	Агроөнеркәсіп кешені саласындағы дайындаушы ұйым жеке қосалқы шаруашылықпен айналысатын адамнан, шаруа немесе фермер қожалығынан, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді және оны өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлғадан ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алған кезде есеп айырысу бағасының (құнының) шекті мөлшерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2015 жылғы наурыз
16	Жеке қосалқы шаруашылықтан алынатын ауыл шаруашылығы өнімінің нақты көлемінің нормаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2015 жылғы тамыз
17	Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері көрсететін қызметтерге арналған бағаларды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы	ІМ	2015 жылғы ақпан
18	Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника жарнамасын жүзеге асыру қағидаларын айқындау туралы	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығы	ДСӘДМ	2015 жылғы ақпан
19	Агроөнеркәсіп кешені саласындағы дайындаушы ұйымның бюджет қаражаты есебінен қосылған құн салығының сомасын алған субсидияларының сомалары бойынша салық қызметі органдарына агроөнеркәсіп кешенін дамыту саласындағы уәкілетті орган беретін мәліметтерді ұсыну қағидаларын, нысаны мен мерзімдерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2015 жылғы наурыз
20	Агроөнеркәсіп кешені саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ Қаржымині ЭМ	2015 жылғы наурыз
21	Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктерінің) интернет-ресурсына агроөнеркәсіп кешені саласындағы дайындаушы ұйымдардың тізбесін орналастыру тәртібі мен мерзімін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2015 жылғы наурыз
22	Агроөнеркәсіп кешені саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы	АШМ	2015 жылғы наурыз

23	"Салықтық әкімшілендірудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 637 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2015 жылғы наурыз
24	"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2015 жылғы наурыз
25	"Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 494 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині	2015 жылғы наурыз
26	"Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині ҰЭМ	2015 жылғы наурыз
27	"Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтер нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 625 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығы	Қаржымині ҰБ (келісім бойынша)	2015 жылғы наурыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- ІІМ – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
- ДСӘДМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі
- ИДМ – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
- ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
- АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
- Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
- ЭМ – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі
- ҰБ – Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі